

"БЕКІТЕМІН"
Қараөткел ауылы ІТ мектеп-лицейі
директорының м.а. Т.Н.Сейдазимова



2024ж.

"Мектеп кітапханасына кітап сыйла" акциясы туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Осы ереже акцияның мақсаттары мен тәртібін анықтайды
- 1.2. Акцияның мақсаты: мектеп кітапханасының қорын толықтыру
- 1.3. Мектеп кітапханасының қоры көркем, ғылыми-көпшілік, энциклопедиялық басылымдар мен балалар әдебиетімен толықтырылады
- 1.4. Сыйға тартылатын кітаптың жағдайы жақсы болу керек
- 1.5. Кітаптар ақысыз негізде қабылданады
- 1.6. Сыйға тартылатын кітаптардың саны шектелмеген
- 1.7. Кітапханаға сыйға тартылған кітаптар айырбастауға және қайтаруға жатпайды
- 1.8. Кітапханаға сыйға тартылған кітаптар "Мектеп кітапханасы туралы ережеге" сәйкес тіркеліп, рәсімделеді.

2. Акцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібі

- 2.1. Акция 18-22 қараша аралығында өтеді.
- 2.2. Акция туралы ақпарат мектеп ұжымы чатына, сынып жетекшілер чатына және мектептің ресми сайты мен инстаграм парақшасында жарияланады.
- 2.3. Білім беру үдерісіне қатысушыларды Акцияның нәтижелері туралы ақпараттандыру 2.2-тармақта көрсетілген арналар арқылы жүзеге асырылады.

3. Акцияға қатысушылар.

- 3.1. Мектептің 1-11 сынып оқушылары.
- 3.2. Мектеп ұстаздары.

4. Акцияға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері.

- 4.1. Акцияға қатысу тек ерікті түрде жүзеге асырылады.
- 4.2. Оқушылардың кітаптарды сыйға тартуы ата-аналардың ауызша келісімімен жүзеге асырылады

4.3. Акция қорытындысы бойынша ең белсенді 3 қатысушы анықталып құрмет грамотасымен марапатталады және барлық қатысушылардың кітаптары бар фотосуреттер #кітапханаға кітапсыйла #подарибиблиотекекнигу хештегімен инстаграм парақшасына орналастырылады.